

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2023 жылғы « 27 » шілдедегі
№ 616 қаулысына
2-қосымша

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 2015 жылғы
28 желтоқсандағы
№ 1083 қаулысына
2-қосымша

**Өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың транзитіне
рұқсат беруді келісетін мемлекеттік органдар**

P/c №	Өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың түрлері	Транзитке рұқсат беруді келісетін Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары
1	2	3
1.	Кәдімгі қару-жарақ пен әскери техника, шикізат, материалдар, арнайы жабдықтар мен технологиялар, олардың өндірісіне байланысты жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер	Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі, Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Көлік комитеті
2.	Ядролық және ядролық емес арнайы материалдар, жабдықтар, қондырғылар, технологиялар, иондаушы сәулелену көздері, жабдықтар және қосарлы қолданыстағы (мақсаттағы) тиісті тауарлар мен технологиялар, олардың өндірісіне байланысты жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер	Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Атомдық және энергетикалық қадағалау және бақылау комитеті, Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Көлік комитеті
3.	Өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылаудың халықаралық режимдерінде белгіленетін тізімдер, тізбелер бойынша химиялық қару жасаған кезде пайдаланылуы мүмкін химикаттар, қосарлы қолданыстағы тауарлар және технологиялар	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті, Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі (тек мұнай-химия өнеркәсібі өнімдеріне қатысты), Қазақстан Республикасы

1	2	3
		Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Көлік комитеті
4.	Тізімдері, тізбелері өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылаудың халықаралық режимдерінде белгіленетін бактериологиялық (биологиялық) және уытты қару жасаған кезде пайдаланылуы мүмкін ауру қоздырғыштар, олардың генетикалық жағынан өзгерген нысандары мен генетикалық материалдың фрагменттері	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитеті, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Көлік комитеті
5.	Тізімдері, тізбелері өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылаудың халықаралық режимдерінде белгіленетін зымырандық техника, қозғалтқыштар, олардың компоненттері, зымырандық техника жасаған кезде қолданылатын жабдықтар, материалдар мен технологиялар	Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Аэроғарыш комитеті, Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Көлік комитеті
6.	Әскери мақсаттағы өнімдермен және қосарлы қолданыстағы (мақсаттағы) технологиялармен байланысты ғылыми-техникалық ақпарат, көрсетілетін қызметтер және зияткерлік қызмет нәтижелері	Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі, Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Көлік комитеті
7.	Жарылғыш заттар мен жарғыш құралдары	Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі (тек әскери мақсаттағы), Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Көлік комитеті